

**«Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәні бойынша
Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған
тест спецификациясы**

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.
- 2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** **01140600** - «Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы, **4S01140601** – Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі біліктілігіне арналған «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	тақырып	№	тақырыпша
01	Қазақ тілін оқыту әдістемесі пәні-ғылыми пән	01	Қазақ тілі әдістемесі ғылыми пән. Қазақ тілі әдістемесінің тарихы.
		02	Қазақ тілін оқытудың принциптері. Қазақ тілін оқыту әдістері.
		03	Қазақ тілін оқыту құралдары. Қазақ тілі бойынша оқу жұмыстарын ұйымдастыру, білім алушының тілін дамыту.
		04	Қазақ тілі бойынша сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстар
02	Қазіргі қазақ тілі салаларын оқыту	05	Фонетиканы оқыту әдістемесі.
		06	Лексиканы оқыту әдістемесі
		07	Грамматиканы оқыту әдістемесі. Сөзжасамды оқыту әдістемесі.
		08	Орфографияны оқыту әдістемесі. Пунктуацияны оқыту әдістемесі.
		09	Байланыстырып сөйлеу және жазу жұмысының әдістемесі. Тіл

			мәдениетін оқыту. Тіл дамыту әдістемесі
		10	Жаңартылған білім мазмұны бойынша бағдарлама құрылымы
Мәтінмәндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистика, сурет және т.б.).			

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

1.1 тақырып Кіріспе. Қазақ тілі әдістемесі- ғылыми пән

Ғылым адам баласы ой-санасының, дүние танымының өсуі, дамуы, қалыптасуы. Ғылымның алуан түрі. Қазақ тілі әдістемесі ғылымның бір саласы ретінде педагогика ғылымының құрамына енуі. Қазақ тілі әдістемесі – тарихи жағынан дамыған, жетілген, теориялық негізі қалыптасқан, белгілі бір ғылыми жүйеге келген ғылым.

Әдістеменің зерттейтін объектісі, мақсаты, зерттеу әдістері қалыптасқан жүйесі.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің ғылыми-зерттеу әдісі. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің алға қойған мақсаты – өзінің зерттейтін нысанын жан-жақты танып білу, заңдылықтарын ашып айқындау.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының қай түрінде болмасын зерттелетін объектіні танып білу әрекеті мен түрлері. Құбылысты, нысанды ғылыми танып білу үдерісінде іске асырылатын әрекеттер қазақ тілін оқыту әдістемесіндегі негізгі кезеңдері. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің ғылыми зерттеу.

Қазақ тілі – оқу пәні.

Қазақ тілінің лексикалық, фонетикалық, морфологиялық құрылымы, сөзжасамдық жүйесі, сөйлем құрылысы және олардың өзге тілдермен ұқсастығы мен айырмашылығы.

Қазіргі сабақ құрылысы. Қазақ тілі сабағын классификациялау. Сабақтың типтері мен түрлері. Тәжірибеде кеңінен қолданып жүрген сабақтың дәстүрлі түрлері мен дәстүрден тыс сабақ түрлері.

1.2 тақырып Қазақ тілін оқытудың принциптері

Қазақ тілін оқыту әдістемесі мен методикалық принциптері. Педагогика ғылымының оқу-тәрбие беру жөніндегі барлық теорияларына, оның дидактика бөліміне негізделуі. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің жалпы дидактикалық принциптерге сүйенуі. Жалпы дидактикалық принциптердің түрлері.

Қазақ тілін оқыту әдістері

Қазіргі заманға сай технология элементтерін, техникалық құралдарды, интерактивті тақтаны қолдануды негізге алып әдіс-тәсілдерді пайдалану. Әдіс-тәсілдердің түрін ұлттық педагогикамен ұштастыру. Қазақ тілін оқытуда қолданатын әдістер мен тәсілдер жиынтығы. Оқыту әдістерінің түрлері.

1.3 тақырып Қазақ тілін оқыту құралдары

Дидактикалық принциптердің бірі – оқыту жүйесінде көрнекі құралдарды пайдалану. Мектепте қазақ тілін оқытуға байланысты мынадай көрнекі құралдар пайдаланылады: затты табиғи түрінде көрсету, графикалық көрнекілік (таблица, схема), бейнелеу көрнекілігі, иллюстрация жасау, фотоларды көрсету, суреттерді көрсету, осындай көрнекіліктермен қатар техникалық құралдарды пайдалану (компьютер, интерактивті тақта, электронды кестелер, кітаптар, презентациялар) арқылы білім алушылардың есту және көру сезімдерін дамытуға арнайы көңіл бөлінеді.

Көрнекі құрал мұғалімнің сабақта өткен материалдарды қайталау, жаңа материалдарды түсіндіру, бекіту мақсаттарында қолданылуы мүмкін. Сондықтан да көрнекілікті белгілі мақсат қоя отырып пайдалану қажет.

Қазақ тілі бойынша оқу жұмыстарын ұйымдастыру

Қазақ тілін оқыту әдістемесі - қазақ әдеби тілінің маңызын, әдіс-тәсілдерін, амалдарын, білім алушыға ана тілінен білім берудің, оны меңгерудің жолдарын үйрететін ғылым. Мұғалім ана тілінен теориялық білім беру арқылы білім алушының өзін қоршаған ортаға көзқарасын қалыптастырады. Отанына шын берілген нағыз патриот, азамат етіп тәрбиелейді. Ондай дағды мен білім, тәрбие беру қазақ тілін дұрыс оқыту арқылы іске аспақ. Сонымен бірге әдістеме мұғалімді педагогиканың қырсырымен жете таныстырып қана қоймайды, қазақ тілін тиімді оқыта отырып, өзінің мамандығын құрметтеуге тәрбиелейді. Яғни, ғылыми дәлелденген, мектеп тәрбиесінен сыналған ең тиімді оқытудың әдістері мен тәсілдерін қазақ тілін оқыту барысында пайдалануға мүмкіншілік жасайды. Әдістеме мұғалімнің шығармашылық тұрғыдан жұмыс істеуіне бағыт берумен бірге, сабақ берудің тиімді әдіс-тәсілдерін меңгеруге көмектеседі.

1.4 тақырып Қазақ тілі бойынша сыныптан тыс жүргізілетін жұмыс

Сыныптан тыс жұмыстар, олардың жоспары. Оның мақсаты мен міндеттері және ұйымдастыру жолдары. Сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстың түрлері. Факультативтік сабақтар.

2.5 Фонетиканы оқыту әдістемесі

Тіл дыбыстары. Тіл дыбыстарының жасалуы. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың ерекшеліктері. Буын, екпін, тасымал. Дыбыстардың өзгерістерін оқытуда жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану жолдары.

2.6 тақырып Лексиканы оқыту әдістемесі

Лексика – тіліміздегі сөз байлығын тексеретін ғылым саласы. Қазақ тілін оқытумен байланысты фонетика, морфология, синтаксисті оқыту сөзден тыс қарастырылмайды. Тіліміздегі сөздер тіл дыбыстары арқылы, морфология сөздердің лексикалық, грамматикалық мағынасына қарай, ал синтаксис сөздердің мағыналық, әрі грамматикалық байланысына қарай көрінеді.

Қазақ тілін саналы оқытуда лексиканы дұрыс, жан-жақты үйретудің маңызы зор. Әсіресе сөз мағынасын, синоним, антоним, омоним, фразеологизм тб оқытудың маңызы зор.

2.7 тақырып Сөзжасамды оқыту әдістемесі. Грамматиканы оқыту әдістемесі

Қазақ тіліндегі сөздердің жасалу жолдары. Әр сыныпта оқылатын сөздердің түрлері: қос сөздер, біріккен сөздер, қысқарған сөздер және негізгі сөздер мен туынды сөздер.

Түбір сөзді оқытудың жолдары. Сөз тудырғыш, сөз түрлендіргіш жұрнақтардың ерекшеліктері. Жалғаулы сөздерді оқыту жолдары.

Морфология – сөз және оның грамматикалық көрсеткіштері туралы ілім. Морфологияны оқытуда мұғалімдерден қазақ сөздерінің қандай топқа бөлінетінін, бұл топтардың әрқайсысының өзіне тән грамматикалық сыр-сипатының барлығын, қызмет атқаратындығын білім алушыларға түсіндіру талап етіледі. Сөз таптарын оқыту. Негізгі сөздер, көмекші сөздер, одағай сөздер болып бөлінуі.

Қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің түрлерін оқыту. Сөйлемнің түрлерін, сөйлем мүшелерін негізгі мектептерде жаңа әдіс-тәсілдер арқылы түсіндіру жолдары.

2.8 тақырып Орфографияны оқыту әдістемесі. Пунктуацияны оқыту әдістемесі

Орфографияның зерттелуі. Орфографиялық дағдыны қалыптастыру. Сауатты жаудың жолдары. Орфографияны оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер.

Қазақ пунктуациясының негізі. Пунктуация және мағына. Тыныс белгілерін қолдану әдіс-тәсілдері.

2.9 тақырып Байланыстырып сөйлеу және жазу жұмысының әдістемесі, тіл мәдениетін оқыту.Тіл дамыту әдістемесі

Білім алушылардың жазу жұмыстарын тексеру әдістері. Жазба жұмыстарындағы емлелік қателерді түзету жолдары. Тіл жұмыстарымен байланысты тіл дамыту жұмысының жүйесі. Жазба тіл мен ауызекі сөйлеу тілі арасындағы айырмашылықтары.

Стилистиканың жалпы халықтық тілге қатысы. Стилистиканың тіл білімі салалармен байланысы. Қазақ тілінің жергілікті тіл ерекшеліктеріне байланысты диалектілері, олардың қолдану аясы. Тіл мәдениеті, сөйлеу мәдениеті жайлы.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша бағдарлама құрылымы

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы. Оқыту мақсаттарының жүйесі.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:

Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

8. Бағалау:

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін – 2 балл, жіберілген бір қате үшін – 1 балл, екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. А.Байтұрсынов «Тіл тағылымы» – А. 1992
2. А.Әбілқаев, З.Бейсенбайқызы «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», А., 2014
3. Ж.Нұржан «Қазақ тілін оқыту технологиясы», Ақтөбе, 2010
4. Т.Мейірманкүлова «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», - А.Фолиант, 2010
5. А.Әбілқаев «Қазақ тілін оқыту әдістемесі». –А. Санат, 1995
6. Б.Құлмағанбетова, А.Исанова т.б «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» Алматы «Білім», 2000 ж.
7. А.Сатыбаева, Г.Сатыбаева «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», Астана «Фолиант», 2008

8. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты ҚР БҒМ Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты ҚР БҒМ 31.10. 2018 жылғы №604 бұйрығына 4 – қосымша.

9. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы ҚР БҒМ 25.10.2017 жылғы №545 бұйрығына 2- қосымша